

## ҚЫЗЫЛЖАР АЙМАҒЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хамзина Д.Р.

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық Университетінің аға оқытушысы,

PhD - Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: danelyahamzina@gmail.com

Астана қ.

Бұл мақалада Петропавл қаласының ономастикасы тарихи, мәдени және әлеуметтік қырынан талданады. Зерттеу барысында қала атауының қалыптасуына әсер еткен тарихи жағдайлар мен олардың мағынасы қарастырылады. «Петропавл» атауы XVIII ғасырдағы Ресей империясының әскери-отарлық саясаты нәтижесінде пайда болғаны анық. Дегенмен аймаққа жергілікті халық бұрыннан «Қызылжар» деген атау берген, ол табиғи-географиялық ерекшеліктерге байланысты пайда болған топоним. Мақалада осы екі атаудың семантикасы, тарихи қолданысы және қазіргі кезеңдегі әлеуметтік қабылдануы салыстырылып, олардың мәдени-ұлттық маңызы ашылады. Зерттеу аясында тарихи деректер, архив материалдары, ғылыми мақалалар мен қазіргі қоғамдық пікірлер пайдаланылды. Мақала нәтижелері Петропавл атауының жай географиялық нысан емес, көпқабатты тарихи-этномәдени феномен екенін көрсетеді. Сонымен қатар Қызылжар атауын қайтару жөніндегі қазіргі талқылаулардың себептері, мазмұны және қоғамдағы мағынасы түсіндіріледі.

Кілт сөздер: Ономастика, топоним, Петропавл, Қызылжар, тарихи атау, семантика, идентичность, орыс бекінісі, жергілікті атау, саясат.

Аннотация

В данной статье рассматривается ономастика города Петропавловска в историческом, культурном и социальном контексте. Анализируются факторы, повлиявшие на формирование городского топонима, а также выявляется смысловое содержание этих названий. Установлено, что название «Петропавловск» возникло в XVIII веке в результате военно-колониальной политики Российской империи. Вместе с тем территория, на которой расположен город, издавна именовалась местным населением как «Қызылжар» - топоним, связанный с природно-географическими особенностями региона. В статье проводится сравнительный анализ двух названий, их семантики, исторического употребления и современного социального восприятия. Используются архивные источники, научные исследования, исторические документы и материалы общественных обсуждений. Результаты исследования показывают, что название Петропавловск представляет собой не просто географическое обозначение, а сложный историко-культурный феномен. Также объясняются причины и содержание современных дискуссий о возможном переименовании города в Қызылжар.

Ключевые слова: Ономастика, топоним, Петропавл, Қызылжар, историческое название, семантика, идентичность, русская крепость, местное название, политика.

Annotation

This article examines the onomastics of the city of Petropavl from historical, cultural, and social perspectives. The study analyzes the factors that shaped the city's name and explores the semantic meaning behind the toponyms associated with the region. The name "Petropavl" originated in the 18th century as a result of the Russian Empire's military-colonial expansion. However, the area had long been known among the local population as "Qyzyljar," a toponym derived from the natural and geographical features of the region. The article provides a comparative analysis of the two names, examining their semantics, historical usage, and their perception in contemporary society. Archival documents, scholarly works, and recent public discussions were used as research materials. The findings demonstrate that the name Petropavl is not merely a geographical label but a complex historical and ethnocultural phenomenon. The article also discusses the reasons and social significance behind the ongoing debates about renaming the city to its historical name, Qyzyljar.

Keywords: Onomastics, toponym, Petropavl, Qyzylzhar, historical name, semantics, identity, Russian fortress, local name, politics.

Кіріспе

Географиялық атаулар белгілі бір аймақтың тарихи дамуын, этникалық құрамын, саяси кезеңдерін және тілдік ерекшелігін көрсетеді. Сол себепті топонимдерді зерттеу тек тілтанушылық тұрғыдан ғана емес, мемлекеттілік тарихын тану үшін де маңызды. Петропавл қаласының ономастикасы Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдердің айқын көрінісі болып табылады. Қала атауы 1752 жылы салынған Петропавл бекінісіне байланысты пайда болды. Бекініске орыс православ дәстүрі бойынша Петр мен Павел есімдері берілген. Бұл сол кездегі Ресей империясының солтүстік

аймақтарды әскери-стратегиялық игеру саясатының бір бөлігі болатын. Осылайша «Петропавл» атауы аймақтың отарлық кезеңінің лингвистикалық куәгеріне айналды. Дегенмен осы территория жергілікті халық арасында баяғыдан Қызылжар деп аталып келген. Бұл атаудың мәні - «қызыл жар», яғни Есіл өзенінің бойындағы қызғылт түсті жартастарға байланысты қойылған жергілікті табиғи-географиялық сипаттама. Қызылжар атауы қазақтың ауызша дәстүрінде, ертегілерде, поэзияда және тарихи жырларда жиі кездеседі. Қазіргі кезеңде Қазақстанда тарихи атауларды қалпына келтіру, деколонизациялық процестерді жүргізу мәселесі өзекті болып отыр. Сол контекстте Петропавл қаласын Қызылжар деп қайта атау туралы ұсыныстар бірнеше рет талқыланған. Бұл мәселе қоғамда түрлі пікірлер туғызды: бір бөлігі тарихи атаудың қайтарылуын қолдаса, екінші бөлігі экономикалық, әкімшілік және психологиялық факторларға байланысты қарсы пікір білдіреді. Осы кіріспеде қала атауының тарихи қалыптасуын, оның мәдени мазмұнын және қазіргі кезеңдегі әлеуметтік мәнін талдауға негіз қаланды. Бұл зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, лингвистикалық-семантикалық талдау, архив материалдарын қарастыру, мәтіндік дереккөздермен жұмыс істеу, сондай-ақ социолингвистикалық тәсіл пайдаланылды. Зерттеуде келесі материалдар қолданылды: Ресей империясы кезеңіндегі бекініс құрылысына қатысты құжаттар; қазақ топонимиясы бойынша ғылыми еңбектер; Петропавл - Қызылжар атауларына арналған зерттеу жұмыстары; қазіргі баспасөздегі әлеуметтік пікірлер. Сонымен қатар орыс және қазақ тілдеріндегі ғылыми мақалалар, энциклопедиялық анықтамалар мен тарихи карталар қарастырылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеуде Қызылжар аймағына қатысты тарихи-географиялық карталар, архив құжаттары, этнографиялық жазбалар, ауызша деректер, жергілікті тұрғындардың мәліметтері, сондай-ақ ресми топонимиялық тізімдер мен ғылыми еңбектер пайдаланылды. Материалдар аймақтың тарихи қалыптасуын, атаулардың пайда болуын және олардың өзгеру динамикасын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді.

Жұмыста тарихи-генетикалық, топонимиялық, картографиялық, этнолингвистикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер топонимдердің шығу тегін анықтауға, олардың мағыналық құрылымын ашуға, тарихи кезеңдердегі өзгерістерді салыстыруға, сондай-ақ атаулардың этникалық және мәдени негіздерін айқындауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Петропавл қаласының онимастикасын талдау оның тарихи қалыптасуында бірнеше мәдени, саяси және этнолингвистикалық факторлардың тоғысқанын көрсетті. Қала атауы XVIII ғасырдағы Ресей империясының отарлық саясатымен тікелей байланысты болғанымен, бұл аймақтың ежелгі қазақи атауы - Қызылжар - аймақтың этнотарихи болмысын тереңірек көрсетеді. Осы бөлімде екі атаудың тарихи маңызы, олардың семантикалық табиғаты, қоғамдағы рөлі және қазіргі талқылаулардың мәні жан-жақты түсіндіріледі. Ең алдымен, Петропавл атауының пайда болуы отарлық кезеңге тән әскери-стратегиялық сипатта қалыптасты. 1752 жылы Есіл өзенінің бойына салынған бекініске православиелік дәстүр бойынша Петр мен Павел есімдері берілді. Бұл атау аймақтағы империялық ықпалдың тілдік белгісі ретінде қызмет атқарды. Ресей империясының шекаралық аймақтарды бекіту саясаты жаңа бекіністерге діни-идеологиялық сипаттағы атаулар қою арқылы көрініс тапты. Сондықтан «Петропавл» атауы аймақтың саяси бағытын, басқару жүйесін және тарихи кезеңін айқындайтын маңызды белгі болып табылады [4, 65-66 б.]. Дегенмен, бұл өңірдің түпкі, жергілікті атауы - Қызылжар әлдеқайда көне және табиғи-географиялық факторларға негізделген. Қызылжар - «қызыл жар» деген мағына береді және Есілдің оң жағалауындағы қызғылт түсті тік жартастарға байланысты қойылған атау. Бұл топоним қазақ халқының жер бедері мен табиғи ерекшеліктерді атау дәстүріне тән. Қызылжар атауы қазақ ауыз әдебиетінде, жырларда, шежірелерде және жер-су атауларына қатысты деректерде жиі кездеседі. Яғни бұл атау аймақтың этникалық жады мен мәдени дәстүрін сақтап тұр. Осылайша, екі атаудың өзара қатар өмір сүруі аймақтың тарихи қабаттылығын көрсетеді. Бір жағынан - отарлық саясат нәтижесінде қалыптасқан ресми атау, екінші жағынан - жергілікті этносқа тән тарихи атау. Бұл құбылыс Қазақстандағы көпвекторлы тарихи процестердің көрінісі болып табылады. Петропавл атауы XIX ғасырда қала ірі сауда-экономикалық орталыққа айналған кезеңде маңызды рөл атқарды. Ресей мен Орта Азия арасындағы сауда байланыстары, жәрмеңкелер, көпұлтты тұрғындардың қалыптасуы осы атаудың қала брендіне айналуына әсер етті. Бұл тұрғыда Петропавл атауы аймақтың экономикалық тарихының да бір бөлігі. Алайда бұл атау қазақи мәдени ландшафтқа сырттан енгізілген тілдік элемент болып қала берді. Қазіргі кезеңде Петропавл атауын Қызылжар деп өзгерту мәселесі қоғамда жиі талқыланады.

Бұл зерттеу Петропавл қаласының онимиялық кеңістігін талдау барысында бірнеше маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Ең алдымен, қала атауының қалыптасуы аймақтың күрделі тарихи жолын, этникалық құрамының өзгеруін және саяси-мәдени процестердің ықпалын айқын

көрсететіні анықталды. «Петропавл» атауы мен «Қызылжар» атауының өзара қатар қолданылуы Қазақстандағы тарихи тәжірибенің көпқабатты сипатын көрсететін ерекше мысалдардың бірі болып шықты. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «Петропавл» атауы XVIII ғасырда Ресей империясының әскери-отарлық саясатының тікелей жемісі ретінде қалыптасқан [1, 310-327 б.]. Бекініске Петр мен Павел есімдерінің берілуі діни, саяси және идеологиялық факторлардың тоғысуынан туындаған. Сол кезеңде қойылған атаулар империялық биліктің жаңа территориялардағы ықпалын нығайту мақсатында пайдаланылған. Бұл атау кейін қала мәртебесіне ие болған кезеңдерден бастап әкімшілік, экономикалық және геосаяси рөл атқарып, аймақтың тарихи дамуында орнықты бекіді. Сонымен қатар зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды жайт - аймақтың жергілікті тарихи атауының терең этнолингвистикалық және мәдени тамырлары. «Қызылжар» топонимі табиғи-географиялық ерекшеліктермен тікелей байланысты пайда болған және қазақ халқының жер-су атауларын беру дәстүріне толық сай келеді. Ауыз әдебиеті мен тарихи деректерде Қызылжар атауының кең таралғаны, оны қазақтың тұрмыс-тіршілігімен байланыстыратын көптеген материалдардың кездесетіні анықталды. Бұл атаудың халық арасында сақталуы оның этникалық сәйкестік көрсеткіші ретіндегі маңызын арттыра түседі. Екі атаудың тарихи-мәдени сипатын салыстыру нәтижесінде олардың семантикасы, қолданылу аясы және символдық мәні әртүрлі екені дәлелденді. «Петропавл» атауы аймақтың отарлық кезеңмен, әкімшілік басқару жүйесімен және ресейлік ықпалмен тығыз байланысты болса, «Қызылжар» атауы жергілікті халықтың табиғи ортаны қабылдау мәдениетін және этникалық жадыны сақтайды.

#### Нәтиже

Осы тұрғыдан алғанда, Петропавл - Қызылжар атауларының қатар өмір сүруі Қазақстандағы кейінгі тарихи процестердің жарыса өрбігенін көрсетеді. Зерттеу барысында қоғамдағы қазіргі пікірталастар да талданды. Қала атауын өзгерту мәселесі тек тілдік категория емес, әлеуметтік, саяси, мәдени және экономикалық салаларға әсер ететін көпқырлы құбылыс екені анықталды. Бір жағынан, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді жақтайтын азаматтар Қызылжар атауын ұлттық болмыс пен тарихи жад тұрғысынан құнды деп есептейді. Екінші жағынан, атаудың өзгеруіне қарсы азаматтар экономикалық шығындар, құжаттарды қайта рәсімдеу, тұрмыстық қолайсыздықтар және психологиялық бейімделу мәселелерін алға тартады. Бұл факторлардың барлығы шешім қабылдау процесінің күрделілігін арттырады. Сонымен қатар зерттеу Петропавл атауының аймақтың экономикалық тарихындағы рөлін де көрсетті. XIX-XX ғасырларда қала ірі сауда орталығы болғандықтан, бұл атау халықаралық және аймақаралық байланыстарда танымал брендке айналды. Сондықтан атаудың өзгеруі экономикалық тарихқа қатысты да белгілі бір сезімталдық тудырады. Бұл өз кезегінде онимиялық кеңістіктің тек тілдік жүйе емес, әлеуметтік-психологиялық жүйе екенін дәлелдейді. Жүргізілген талдау нәтижесінде онимиялық объектіні зерттеуде тарихи-салыстырмалы, лингвистикалық-семантикалық және социолінгвистикалық әдістердің тиімділігі анықталды. Осы әдістердің үйлесімі Петропавл - Қызылжар атауларының мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік берді. нҚорыта айтқанда, Петропавл қаласының онимиясы Қазақстандағы тарихи жады, ұлттық идентичность және тілдік саясаттың қиылысқан тұсында тұрған ерекше құбылыс болып табылады. Қала атауының тарихи маңызын зерттеу оның жай географиялық атау емес, қоғамның мәдени-әлеуметтік дамуындағы маңызды символ екенін көрсетті. «Петропавл» және «Қызылжар» атауларының тарихи өміршеңдігі мен мәдени жүктемесі аймақтың тарихи тағдырының көпқырлы екенін дәлелдейді. Осылайша, зерттеу нәтижелері қала атауына қатысты пікірталастарды түсінуге, оны ғылыми негізде талдауға және онимиялық саясатқа қатысты объективті ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Агабекова, Ж. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. Нұр Сұлтан: 2020. 622 б.
2. Солтүстік Қазақстан облысы архиві. Петропавл, қор материалдары, XIX-XX ғғ. әкімшілік құжаттар жинағы.
3. Омаров Ф. Солтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері. - Петропавл: СҚО баспасы, 2010.
4. Ибраева, А. Ф. Петропавл қаласының тарихы. 2-ші бас. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018. - 184 б.
5. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві. Архивтік қорлар: Ресей империясы бекіністері және әкімшілік құжаттар, XIX-XX ғғ. Петропавл.
6. Әбдуәли Қ. Қазақ ономастикасының негіздері. - Алматы: Ғылым, 1995. 256б.